

# Геометрия есептер жинағы туралы

Мектеп реформасы совет мектебі алдында курделі теориялық, әрі практикалық міндеттер қойып отыр. Солардың ішінде мектеп окулығына ерекше мән берілген. Бұл жайында сөз қозғағанда мынадай заңды сұрақ тууы ықтимал: окулық оқу құралының барлық функциясын атқаруы тиіс пе, атап айтқанда, орта мектептің геометрия окулығы бір мезгілде есеп жинағы да бола ала ма? Есеп жинағы тек есептердің ғана топтастырылған түрі ме, әлде ол оқушыларға есеп шығаруға көмегі бар методикалық тәсілдермен толықтырылуы керек пе? Мектеп геометрия курсы бойынша жаңа есеп жинағында қандай методикалық тәсілдер қамтылуы тиіс? Біз геометрия бойынша есептер жинағын жасау және эксперименттік тексеру тәжірибемізді ортаға салып, есептер жүйесін методикалық тәсілдермен толықтырудың тиімділітін айтқымыз келеді. Ең алдымен есептікін (задачник) методикалық тәсілдерінің психологиялық негізін анықтау қажет болды. Қойылған мақсатқа ақыл-ой әрекетін кезеңді қалыптастырудың психологиялық теориясы толық жауап береді. Осы теорияға сәйкес білімді игеру негізіне жататын әрбір әрекет өзінін операциялық құрамы бойынша бағдарлаушы, атқарушы және бақылаушы бөлімдерінен құралады. Осыған орай методикалық тәсілдің бағдарлау, атқару және бақылау бөлімдері іріктелінеді.

Тұжырымдау бөліміне кіріспе, проблемалы сұрақтар мен есептер, білімді тиянақтауға арналған есептер, білімді терендетуге әрі кеңейтуге, іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға арналған есептерді жатқызамыз. Тәжірибе өзара ұқсас есептер тобының мақсаттарын айқын белгілеудің дұрыстығын көрсетті.

Мектеп курсында барлық есептер оқу есептері болып табылады яғни есепті тек дұрыс шешімін алу үшін шығармай, нақты білім мен іскер-

лікті игеру үшін пайдаланады. Есептің оқу роліне оқушыны бағдарлау, оның іс-әрекетін саналы әрі мақсатты етеді, есептікте әр есептер циклінің алдында ол есептерді шығару оқушыға не береді, оларды шешу барысында назарды неге аудару қажет? деген сияқты мақсаттарды көрсетудің әрі тұжырымдаушылық әрі бағдарлаушылық манызы зор.

Есептеудің тұсында параллель бағандарға теориялық материал бойынша құрылымдық анықтамаларды орналастырудың бағдарлау ролі ерекше. Мұның тиімділігі Н. М. Рогановскийдің еңбектерінде айтылады. Құрылымдау дегеніміз анықтамаларды, теорема тұжырымын, дәлелдеменің жеке логикалық мәні бар құрамадас бөліктерін нөмірлеу мен іріктеуді кесте түрінде өрнектеу болып табылады. Кестеге қараша оқушылар қажетті математикалық ұфымдардың тұжырымын еске сақтайды әрі оларды есеп шығаруға пайдалана алады. Оқушы алдымен кестені көзben көру (сыртқы таяныш), ойлау, арқылы (ішкі таяныш) оқушы математикалық тұжырымдарды тез еске сақтай алады. Есептің көмегімен оқушының кестеге сыртқы және ішкі сүйенниу жүзеге асыруға бола ма? Ол үшін сәйкес ақыл-ой әрекетін «дауыстап сөйлеу». деп аталағын кезеңнен өткізу қажет. Дастырлі оқытуда оқушылар сабакта дауыстап аз сөйлейді. Осы қажетсіз дәстүрді математикалық мазмұндағы оқулыктар жалғастыра әрі тиянақтай түсетін тәрізді. Бұл түрғыда мұғалімнің жеткіліксіз бағдарлануы, оқушыға арналған методикалық құралдардың жоқтығы да сезіледі. Есептікте қарастыруда осы мәселе-лерге айрықша көніл бөлген жөн. Оқушылар жеке не қосарласып не топтасып шығаруға арналған есептерді ажырата білгені жөн. Осыған байланысты дауыстап сөйлеу кезеңін қамтамасыз ететін және қосарласып шығаруға арналған есептерді арнағы сигнал-символдармен таңбалуа қажет. Мысалы, екі

окушының бакылау о/к символымен таңбаланып, мұнда сол жакта отырған окушы есептің шешімін қажетті кестеге ойша сүйеніп, өзіне көрші отырған балаға түсіндіреді. Өз кезегінде ол окушы кестеге қарал, жолдасының жауабын тексереді. Есептікте өз бетінше жұмыс істеуге арналған есептер саны жеткілікті болуы тиіс. Өйткені, мұндай есептерді шығару барысында дағды қалыптасады. Мұндай есептерді окулықтың жиегіндегі ерекше белгімен таңбалаудың мәні бар.

Окушыға есепті шығарудың жаңа тәсілі қындық тудырған жағдайларда бұрынғы біліміне, іскерлігі мен дағдысына сүйенідің қажеті жоқ, мұнда окушылардың ақыл-ой қызметінің барлық кезеңінде психологиялық тұтастық пен үздіксіздіктің болуы маңызды. Асығыстық, психологиялық буынның үзіліп қалуы окушыларға қындық тудырады, оқыту мерзімін текке жоғалтуға себепші болады. Бұл жағдайда есепті шығаруға нұсқау, есеп шығару үлгілері, жартылай шешімі, шешу-нұсқау сияқты тәсілдің әртүрлі элементтері пайдаланылады

Методикалық тәсілдің атқару білімін есептер жүйесі құрайды. Мұнда басты нәрсеге есептер арасындағы логикалық байланыс принципі, оларды біртіндеп құрделендіру жатады. Бұл талап есептердің әрбір тобы, әрбір циклі; есептердің тұтастай жүйесі оқыту функциясының жоғары дәрежеде болуына сәйкес туындейды. Осында талап есептердің тәрбиелік және дамытушылық бағытында да сакталуы тиіс. Есептер жүйесі айқын бағытымен, оку курсының басты мәселе-лесіне қатан бағдарлануымен сипатталуы қажет. Оқулық сияқты, есептік те негізгі математикалық білімді менгеруді қамтамасыз етуге, басты математикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға септесуі керек. Әрбір есеп өзінің дербестігін сақтап, оку курсының жалпы мазмұнына үйлесуі қажет. Қоға-қөрнеу дидактикалық талаптар әркез сақтала бермейді. Негізгі курстың бағытын білдіре алмайтын қын есептердің тиімділігі әлсіз болып шығады. Бұл орайда есептерді көтеп

шығартудың ролі барынша төмен болады.

Есептердің оқу функциясын артырудың тағы бір құралы-есептердің мазмұнын келтіру тәсілі. Егер мақсат есепті шығарудың қалыптасқан тәсілі мен білімді игерту болса, онда есептерді шығару кезінде бір есептегі кездесетін жағдай келесі есепте де бой көрсеткені дұрыс. Мұның өзі есеп шығартудың логикалық байланысын көрсетеді. Егер мақсат творчестволық қызмет тәсілдері мен әдістерін менгеру, геометриялық интуицияны логикалық ойлауды, кеңістік елестету және қиялдауды қалыптастыру болса, онда ізденісті, проблемалық сипаттағы есептерді шығартқан дұрыс. Онда есепті жоғарыдағы дұрыс. Оңда есепті шығартудың тиімділігі болмайды. Дамытушылық функциядары есептер саны алдын ала дәл анықталуы тиіс. Мұндай есептерді есептікте арнайы сигналдармен белгілеу қажет. Бұл жайт окушыларды таңбаланған есептер шығару кезінде психологиялық жағынан бейімдейді.


Окушылардың білімін терендетуде, олардың диалектикалық-материалистік дүниетанымын қалыптастыруда геометрияның өмірмен байланысын тағайындастырып практикалық, қолданбалы сипаттағы есептерді шығарту орынды. Қазіргі геометрия оқулықтары мен есептіктерде мұндай есептердің саны аздау. Бұл кемшіліктерді, әдетте қосымша есептер жинағын шығару арқылы жоюға болады деп ойлаймыз. Мұның өзі окушылардың негізгі оқыту курсына сенбекшілігін тузырары хак. Сол себепті қарастырылатын есептер, негізгі жүйеге органикалық біле қайнасып жатуы қажет. Есептердің білімдік әрі тәрбиелік функцияларының оптималды бірлігі есептердің практикалық маңызы айқын көрініс тауып тұрғандаған білінеді. Міне, осында есептер окушылардың окуға ынтасын толығымен қолдай алады. Есептікten методикалық тәсілінің бақылау біліміне арнайы бақылау тапсырмалары енеді. Бұл тапсырмалар окушылардың іскерлігі мен дағдысының қалыптасуын тіркейтін жол болмақшы. Нәтиже бойынша бақылау оку

құралының соңғы жағында келтірілетін жауаптармен қамтамасыз етіледі.

Есептіктің методикалық тәсілі өте түжірымды болғаны жән Нұсқаулар, түсініктер, кестелер, схемалар, түжірымдар қысқа әрі нұсқа болғаны абыз. Мүмкіндігінше, көрнекі-графиктік және кестелік формаларды көбірек пайдаланған дұрыс. Материалды екі тік бағанаға бөліп жазып, оның он бағанасына есептер, ал сол бағанасына олардың шешу

### Ара қашықтықтың формуласы Кіріспе есеп

Е с е п. (Лебедев Н. Н. курс горной геодезии М. 1974 кітабынан).




#### 2-11-есептің мәқсаты:

Координаталары бойынша нүктелдің ара қашықтығын табуды үйрету.

$$A(x_1, y_1), B(x_2, y_2)$$

$$AB = \sqrt{(x_2 - x_1)^2 + (y_2 - y_1)^2}$$



2-СУРЕТ

2-таблица. Абсцисса осіндегі он (теріс) бірінші координаталық көптеген нүктелер жиынының координаталарын табудың үйрету.

жолын оңайлататын методикалық тәсіл көрсетіледі. Тәжірибе көрсеткенідей, есептер жүйесін методикалық тәсілдермен толықтыру есептікті оқу курсының дербес құрамдас бөлігі ретінде қарастырғанда ғана тиімді. Есептік жеке кітап түрінде, не теориялық оқулықтың сонына ендірілуі мүмкін.

Корытындыда, жоғарыдағы нұсқауларға сәйкес есептіктегі оқу текстерінің мысалдарын қарастырайыл.

Нүктелер координаталары бойынша олардың ара қашықтығын табуға бола ма?

1. Тау тоннельдерін жобалау кезінде құрылышты арзанға түсіру мәқсатында геодезиялық жұмыстардың өте дәлдігі (10 см-ге дейін) қажет. Жергілікті жер не жобаланатын трассаның жоспары бойынша қарапайым өлшеу мүмкін емес. Дәл болмайды. Тоннельдің ұзындығын қалайша есептеуге болады?

#### 2-11-есептің мәқсаты:

2. 1-сурет бойынша  $A$  және  $B$  нүктелерінің координаталарын табыңдар.  $AB$  тоннелінің ұзындығын есептейдер.

3.  $A$  нүктесінің координаталары 5 және 3, ал  $B$  нүктесінің координаталары 7 және 8,  $AB$  қашықтығының квадратын есептейдер ( $AB$  қашықтығының 0,1 дәлдікпен есептейдер).

2-сурет бойынша  $AB$  қашықтығын сыйғышпен (1 клетка = 5 мм), өлшел есептеудің нәтижесін салыстырыңдар.

4. Квадраты бойынша  $a=16$ ,  $a=8$  (0,1 дәлдікпен) сандарды тап. Мұндай сандар қанша болады?

8-11 номірлі есептерді өзбетімен шығару.


5. А нүктесі  $Ox$  осінің теріс жағында жатыр.  $OA$  қашықтығы 2-ге тең.  $A$  нүктесінің координаталары — 2 және  $O$  болатындығын дәлелдендер.

6. В нүктесі  $Oy$  осінің он бөлігінде жатыр.  $OB$  қашықтығы 2-ге тең.  $B$  нүктесінің координаталары  $O$  және 2 болатындығын дәлелдендер.

Ордината осіндегі он (теріс) екінші координаталық нүктелер жиыны ордината осінің он (теріс) бөлігі деп аталауды:

Кепі жору тәсілімен

- 1)  $AB \neq CD$  болсын
- 2) Осыдан...
- 3) Бұл шартқа қайшы
- 4) Демек...




*3-сурет*

### Ара қашықтықтың касиеттері Кірісие есеп

Координаталары жүйесінің орналасуына қашықтық тәуелді бола ма?


Нүктелердің өзара қашықтығы координаталар жүйесінің орналасуына тәуелді болмайды.



*4-сурет*

### 15—20-е септің мақсаты:

Қашықтықтың басты қасиеттерін есеп шыгаруға колдануды үйрету.



*5-сурет*

7. Ара қашықтық квадраты тең болса, онда ара қашықтықтың өздері тең болады.

$$AB^2 = CD^2 \rightarrow AB = CD.$$

8. 3-суреттегі  $AB$  және  $DC$  қашықтығын көзбен салыстырып, өздерінің тұжырымдарында есептеумен дәлелдендер.

9.  $A(2, 3)$  нүктесінен  $B(-1, 2)$  нүктесіне дейінгі,  $B(-1, 1)$  нүктесінен  $A(2, 3)$  нүктесіне дейінгі ара қашықтықты тауып, оларды салыстырыңдар.

10. Ординаталары 2-ге, ал абсциссалары сәйкес — 4 және 5-ке тең  $A$  және  $B$  нүктелерінің ара қашықтығын табыңдар.

11.  $A$  нүктесінің координаталары —1 және 3,  $B$  нүктесінің координаталары 2 және —4,  $C-O$  және 6,  $D-1,5$  квадраттарын есептеңдер.  $AB$  және  $CD$  қашықтықтарын салыстырыңдар.

12. «Жетіқарақшы» жүлдзызын жердің әр нүктесінен бақылауға болады. Осыдан жүлдзызға дейінгі қашықтық өзгере ме?

13.  $X_1 O_1 Y_1$  және  $X_2 O_2 Y_2$  (4-сурет) координаталардың екі жүйесі берілсін.  $AB$  қашықтығын координаталар жүйесінің әрқайсысында есептеп, нәтижені салыстырыңдар.

14. Координаталар жүйесінің кейбірінде  $AB$  қашықтықты  $CD$ -ден үлкен. Басқа координаталар жүйесінде осы қатынас өзгере ме?

15. 5-суретте  $AB=BC=CD=DA$  екендігін дәлелдендер.

16. Ордината осінің  $A(1, 0)$  нүктесінен квадраты 10-ға тең болатын қашықтықтағы  $M$  нүктесін табыңдар.

17. Абсцисса осінен  $A(0, 3)$  және  $B(5, 3)$  нүктелерінен бірдей қашықтықта болатын  $M$  нүктесін табыңдар.


18.  $M(I, Y)$  нүктесі  $A(1, 0)$  және  $B(-2, 4)$  нүктелерінен бірдей қа-

### 5-таблица

17—21 есептерді шығару схемасы:


1.  $M$  нүктесінің координаталарын жалпы түрде жазындар.
2. Тендеу құрындар.

№ 17—19 өз бетімен шығару.



6-сурет

19-есеп үшін ынғайлы координаталар жүйесін таңдап ал.



7-сурет

шықтықта жатыр.  $M$  нүктесінің координатасын табындар.

19. Жергілікті жердің картасының майыстырылған жері өшіп қалған. (6-сурет). Ол жерде  $M$  пункті белгіленген болатын.  $A$  және  $B$  пункттегінен бірдей қашыктықты жатса,  $M$  пунктін қалай табуға болады?

20. 7-суретте  $OM=10$ ,  $MB=6,5$ ,  $OB=10,5$ ,  $M$  нүктесінің координатасын табындар.

Шешүі:  $MO^2=x^2+y^2=100$ ,

$$AB^2=...$$

$$AB^2=... = ...+x^2+y^2=42,25,$$

Соңғы теңдеудегі  $x^2+y^2=100$  қойып,... аламыз. Осыдан  $x=...$

Ары қарай... табылғанда (\*) теңдігіне қойып,  $y=....$  Есептің шешуін тусяндіріндер.

Осыдан есептер шығаруға методикалық тәсілді қолданудың артықшылығы айқын көрінеді.

**Н. М. РОГАНОВСКИЙ,**  
педагогика ғылымының кандидаты,  
**Могилев мемлекеттік педагогика**  
институтының доценті.  
**Г. Г. ЭЛИМУХАМБЕТОВА,**  
Абай атындағы Қазақ мемлекеттік  
педагогика институтының аспиранты.